

ӨОЖ 323.22 (574)

Г.Ө. Насимова*, А.А. Кеңесов, А.А. Камалдинова

Қазіргі таңдағы халықаралық жанжалдардың ерекшеліктері

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.

*E-mail: nasimova@mail.ru

Аннотация. Бұл мақалада бүгінгі күндегі халықаралық жанжалдардың ерекшеліктері мен оған ықпал ететін факторлар талданған. Сонымен қатар халықаралық жанжалдардың себептері мен салдары көрсетілген. Қазіргі таңдағы саяси жанжалдардың мәні мен мағынасы қарастырылып оның қоғамға алып келетін зардаптары сарапталған. Халықаралық жанжалдардың ерекшеліктеріне сай олардың алдын алу мен реттеудің әдіс-амалдары анықталған.

Түйін сөздер: халықаралық жанжалдар, ғаламдық күш көрсету, тұлға қауіпсіздігі, әлемдік қауымдастық, конфликтогендік, ақпараттық соғыс.

XXI ғасырда өмір сүріп отырсақ та, халықаралық аренада мемлекеттер арасындағы жанжалдар басылмай келеді. Барлық мемлекеттердің мақсаты – өркениетті даму мен бейбітшілік. Дегенмен, әлі күнге дейін жанжалдар бой көрсетуде. Адамзат өзінің тарихында соғыссыз және жанжалсыз әлемдік жүйе құруға тырысып келеді. Дегенмен өткен ғасыр жойқын әлемдік соғыстармен, идеологиялық жанжалдармен және бейбітшілікті орнату мен ынтымақтастықтың жаңа түрлерін іздеумен белгілі болды. Жанжалдар адамзат бар кезде болады, бар және болған да. XXI ғасыр жанжалдарының мәндік сипаты тұрақты және бірқатар жаңа ерекшеліктері бар. Халықаралық жүйенің өзгеріске ұшырауы жаңа замандағы жанжалдар ерекшеліктерінің табиғи өзгеруін анықтайды.

Қазіргі таңда мемлекет ішіндегі және асимметриялық жанжалдар XX ғасырмен және ерте тарихи кезеңдермен салыстырғанда халықаралық саясатта маңызды орын алады.

Біріншіден, егер де бұрын жанжалдың саяси сөздігінде мемлекетаралық соғыстарды меңзесе, қазір біз «ғаламдық күш көрсету», «тұлға қауіпсіздігі» деген түсініктерді қолданамыз. Мемлекет орталық фактор болып қала береді, бірақ басты қауіп тудырушы болып табылмайды. Сондықтан қауіпсіздікті бірегейлендіру мен оған қарсы тұру қиын.

Екіншіден, бүгінгі жанжалдар саяси идеологиялық емес, діни немесе этникалық негізде жиі жүреді. Сонымен қатар діни сипаттың өсуі XX ғасыр бойы батыстық әлеуметтік-саяси ғылымда кең етек алған модернизация теориясына күмән келтіруде.

Үшіншіден, қазіргі жанжалдарға қылмыстық топтар да қатысуда. Идеологиялық, отарлау, геостратегиялық және үстемдік жанжалдарының орнына аймақтық державалар арасындағы соғыстар келді. Халықаралық қатынастар ұлттық әскери күшпен ғана емес, сонымен қатар халықаралық институттар, трансұлттық корпорациялар, азаматтар мен террористер тобы және жеке жүйелер қатысатын қиын саяси процестермен де анықталады. Сондықтан жанжалдың құрылымын анықтау қиындай түсуде. Егер бұрын қарама-қарсы топтарды тек қана анықтау болса, қазіргі таңда субъектілер де күрделі, әр алуан болып келеді. Басқа сөзбен айтқанда, қазіргі жанжалдар қиын сипатымен ерекшеленеді. Жанжалға қатысушылардың саны көп болғандықтан, олардың реттеушілікке қол жеткізуі қиын. Қазіргі таңда жанжалды шешуде оның жаңа заңдылықтарын анықтап, жүруін бақылауда басқа әдістеме мен концепция керек. Ал мемлекет болса өткен ғасырдағы қауіптің елесімен күресуді тоқтатып, жаңа туған ғасырдың шынайы қауіпіне қарсы бірігуі қажет. Жанжал дүниеге келгеннен бері адамзат оны шешу мен алдын-алудың әр алуан түрлерін ойлап тапты. Солардың қатарында тиімді әрі күрделі әдістердің бірі делдалдық немесе үшінші жаққа сүйену.

Егер де делдалдың мақсаты мақсатты және тиімді делдалдық етіп жанжалды шешу болса. Ал үшінші жақтың мақсаты агрессия болса, онда бұндай делдалдық қауіпті әрі қатерлі болып табылады. Енді Карабах мәселесін реттеуде серпіліс күтілген Армения мен Әзірбайжан

президенттерінің Қазандағы кездесуін еске түсірейікші. Олар жанжалды шешуге дайын болды ма? Біздің ойымызша, жоқ. Егер де делдалға келетін болсақ, олар әр кезде өздерінің бейбітшілік қызметтерін риясыз атқару мәселесі тұрады. Яғни, жанжалда үшінші жақтың агрессияны өзіне қажетті бағытқа бұруға мүдделі болатыны сирек емес. Экономикалық тұрғыдан дамыған және әскери-саяси күші зор, әлемдік қауымдастықтың кейбір бөлігі жанжалды реттеудің маңызды бөлігін өздерінің мойнына алуға ынталанып отырғандығы туралы фактінің бар екендігін есімізден шығармауымыз қажет. Дегенмен «дамыған субъектілер» сонымен қатар кейбір жағдайларда жаңа жанжалдарды тудырады. Заманауи жанжалдардың табиғаты, көбінесе, жанжалдардың алдын алу үшін жаңа мүмкіндіктерді тудыратын, бірақ қатысушы елдер үшін көп жағдайларда тәуекелділікті жоғарылататын әскери-технологиялық және ақпараттық новациялар факторларымен анықталады. Режимді ауыстыру немесе постжанжалдық қайта қалыптастыру үшін үстем етуші державалар жалғыз немесе басқа мемлекеттермен коалиция құра отырып, басқа мемлекеттердің ішкі істеріне араласу талпыныстарын қолданғаны құпия емес.

АҚШ-тың халықаралық саясаттағы рөлін ескере отырып, заманауи жанжалдың «бейнесін» қалыптастыруда негізгі рөлді, американдық сыртқы саяси және әскери бюрократия оның әлемдік дамудың басқа конфликтогендік сипаттамаларына төзімділігі, сонымен қатар Вашингтонның жаңа халықаралық жанжалдардың алдын алудың және қазіргі халықаралық жанжалдардың үдемелі қарқындылығын төмендетудің қолайлы жолдары ойнайтын болады. Дегенмен делдалдық институтының барлық кемшіліктерінің негізінде оның қызметтерінен бас тартуға болмайды. Егер де ол қолайлы қызметтерді орындамаса, онда әлем толықтай жанжалдарға белшесінен батар еді.

Егер батыс зерттеушілерінің зерттеулеріне сенетін болсақ, онда 1945 жылдан бастап 90-жылдардың басына дейін делдалдық шамамен Африка және Латын Америкасында 2/3 жанжалдық жағдайларда, Таяу Шығыста 4/5 жанжалдарда қолданылған. Делдалдық жанжалға түсуші елдерге біржақтылық негізінде немесе саяси және идеологиялық бағытта емес, ал халықаралық құқықтың сақталуында құрылуы тиіс.

Қазіргі таңдағы жаңа халықаралық жанжал-

дардан мысал келтіретін болсақ Сирияны айтуға болады. Мәселені шешуде БҰҰ-ның тұрақты мүшелері келісе алмады. Ал нәтижесінде не болмақ? Сириядағы оқиғалар ішкі немесе аймақтық мәселелер емес, ал күштердің ғаламдық тепе-теңдігі анықталатын маңызды халықаралық үдерістердің негізгі компоненттері.

БҰҰ резолюциясын сылтау етіп, сириялық тәртіпті құлату қадамдары Қауіпсіздік кеңесінің тұрақты екі мүшесі Ресей мен Қытайдың қарсылығы арқасында жүзеге асырылмауда. Бұл жанжалда бірнеше аспекті бар. Ең алдымен, Сириядағы дағдарыстың негізінде оның қоғамының көп бөлігін кедейлер құрайтын өткір әлеуметтік мәселелер жатыр. Сонымен қатар биліктің қателіктері мен қылмысы туралы да болып отыр. Мысалы, жемқорлық. Бірақ осы дағдарыстың басты аспектісі – сыртқы фактор. Қазіргі таңда Сирия – тек қана аймақтық емес, сонымен қатар ғаламдық саясаттың шоғырланған орталығы. Сирияны Ресей, Иран, Қытай қолдап отыр. Осы сыртқы аспект үлкен рөл ойнайды.

Бірқатар сарапшылардың ойынша, Сириядағы тәртіпті жоюға қарсы сыртқы агрессияның күшеюі, Иранның аймақтық позициясын әлсірету үшін жасалуда. Ал Иран – Ресей мен Қытай үшін маңызды одақтас. Сондықтан бұл – әлем секілді ескі дүние. Тіпті араб елдерінде алдыңғы жылдың басынан басталған үдерістер Таяу Шығыстағы шикізат ресурстарын қатаң бақылауға алу мақсатындағы геосаяси ойындар екендігін біздің саясаттанушы студенттеріміз де айтып бере алады. Біз көріп отырғандай, Ресей мен Қытай аталған конфликтіге қатыстырылуда, сондықтан олар БҰҰ ҚК кез келген біржақты әрекетіне вето жариялау барысында АҚШ мен ЕО елдері ешқандай заңды халықаралық-құқықтық негізге ие бола алмайды. Ресей Жерорта теңізіндегі жалғыз одақтасын жоғалтқысы келмейді. Сирияда конфессияаралық соғысқа ұласуы мүмкін азаматтық соғыс қаупі бар екендігін барлығы түсінеді. Себебі діни фактор – кез келген мүддені жақтаушылар үшін тиімді қалқа. Бірақ Сириядағы қайшылықтың маңызды компоненті ақпараттық-психологиялық соғыс екендігі айдан анық. Егер де жанжалға қатысушылар аталған мәселені шешуде конструктивті шараларды жүзеге асырмаса, толықтай бір аймақта үлкен көлемді, көптеген жылға созылатын тұрақсыздық туатынына күмән жоқ. Сонымен, бүгінгі күнде халықаралық жанжалдардың төмендегі ерекшеліктерін атап өтуге болады.

Біріншіден, ғасырлар бойы қалыптасқан құн-

дылықтар жүйесімен өмір сүру формаларының арасындағы мейрімсіз жанжалдардың етек алуы. Бұл жанжалдарды шешу үлкен күштерді талап етеді.

Екіншіден, жанжалға қатысушы субъектілердің артында міндетті түрде белгілі бір держава мүдделерінің болуы немесе үшінші жақ факторы.

Үшіншіден, қазіргі замандағы халықаралық жанжалда жеңіске жету мүмкін емес.

Төртіншіден, жанжалдарда ұлттық-территориялық сипаттан геосаяси мәнге айналуға немесе геосаяси ойын үлгісіндегі жанжалдар.

Бесіншіден, жанжалдарда агрессор мен агрессияға қарсы тұрушы субъектіні анықтаудың қиындығы. ХХІ ғасырда жанжалдардың сипаты мен мәні де үлкен өзгерістерге ұшырады. Солардың бірі сарапшылардың пікірінше, мемлекеттердің тұрақсыздығына ықпал ететін «түрлі түсті төңкерістерді» атайды.

Бүгінгі күнде «түрлі түсті төңкерістердің» төмендегідей ерекшеліктері бар:

- Мақсатқа жетуде әскерден тыс құралдарды пайдалану, яғни, ақпараттық-психологиялық ықпал, бейбіт саяси акциялар және т.б.;

- «Түрлі түсті төңкерістердің» ең маңызды күші «бесінші колонна» деп аталатын, шетелден қаржыландыратын төңкерісті қолдамайтын халықтың бөлігі;

- Басты құрал БАҚ және басты соғыс «ақпараттық соғыс»;

- Басты катализатор сыртқы факторлар мен ресурстар.

Тұрғындардың әлеуметтік үміті мен олардың қанағаттану көлемінің арасындағы қарама-қайшылықтың нәтижесінде, мысалы, Қырғызстанда саяси жүйенің дағдарысына және жүргізіліп отырған қайта құрулардың тоқтатылуына алып келді. Өркениеттік басымдықтар негізінде түбегейлі шаралармен күйзеліссіз жүргізілетін әлеуметтік-экономикалық және саяси реформалардың іске асырылуы құнды жеке кәсіби қасиеті бар саяси лидердің жетекшілігімен ғана мүмкін. Бұндай саясаткерде дағдарыс кезінде тиімді шешім ұсыну қабілеті мен жігері және қоғамда келісім мен тыныштықты қамтамасыз ететін ұйымдастыру қасиеті болуы шарт. Егер елде шиеленістің деңгейі жоғары болса, онда аталған елдердің көшбасшылары қоғамдағы әртүрлі мақсаттарды және бір-біріне қарама-қайшы мүдделерді біріктіре алмайды. Қай мемлекет ұтылды, қайсысы жеңілді, менің ойымша, біз баға бере алмаймыз. Оны елдердің халқы мен билігі бағаласын. Бірақ анығы бір, мақсаты тұрақтылықты қамтамасыз ету болып табылатын мемлекет қана әр кезде «ұтыста» болады.

Г.О. Насимова, А.А. Кенесов, А.А. Камалдинова

Особенности международных конфликтов в современном мире

В данной статье анализируются основные факторы и особенности современных международных конфликтов. В том числе выявлены причины и формы международных конфликтов современного мира. Авторы определяли сущность и характер международных конфликтов. Анализируются их последствия. В связи с изменением характера и сущности современных международных конфликтов, были рассмотрены разные варианты регулирования и их разрешение.

G.O. Nasimova, A.A. Kenesov, A.A. Kamaldinova

Features of international conflicts in modern world

In given article the main factors and features of modern international conflicts are analyzed. Also, the reasons and forms of international conflicts of modern world are revealed. Authors defined an essence and character of international conflicts and their consequences were analyzed. Due to the change of characteristics and essence of international conflicts different ways of regulation and their decision were considered.